



ISBN 9965-9234-8-5

2017
№3(23)

Минге-Қыркүйек

Республикалық ғылыми-әдістемелік және танымдық журнал -
Республиканский научно-методический и познавательный журнал

М ҮРКІ ТІЛДЕС ЕЛДЕР ЛОРКОЯЗЫЧНЫЕ СТРАНЫ





ТҮРКІ ТІЛДЕС ЕЛДЕР ТЮРКОЯЗЫЧНЫЕ СТРАНЫ

Республикалық ғылыми-әдістемелік және танымдық журнал
Республиканский научно-методический и познавательный журнал

2012 жылдан бастап шығады

№3(23)

Үш айда бір шығады

МАЗМҰНЫ

А.Т.Темірбеков.

ҒАЛЫМ ӘБСАТТАР ДЕРБІСӘЛІ ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМНЫҢ
РУХАНИ САЛАЛАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ, НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ.....4

Өмірхан Әбдиманұлы,

ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ, ҒҰЛАМА ҒАЛЫМ.....6

Гүлзия Пірәлі,

Ә. ДЕРБІСӘЛІ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ КӨНЕ МӘТІНДЕРДІ ГЕРМЕНЕВТИКАЛЫҚ
ТАЛДАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....13

М.Р. Усмонов, М.А. Кадиров, Т.Ж. Жумабоев,

УЗБЕКИСТОНДА ТУРИЗМ ТУРЛАРИНИ РИВОЖЛАНТИРИШ ИСТИҚБОЛЛАРИ.....19

ТЮРКСКИ ЕНАРОДЫ.....24

КАРАПАПАХИ.....24

ШАХСЕВЕНІ.....24

КЫЗЫЛБАШИ.....25

ИНФОРМАЦИЯ ДЛЯ УЧАСТНИКА ВЫСТАВКИ (МОСКВА ВДНХ, 2017).....27

(авт. Есназарова У. А., Темірбеков А. Т.)

ГЕОГРАФИЯ ТЮРКОЯЗЫЧНЫХ СТРАН.....29

Бас редактор:

Есназарова Ұлжалғас Әмзекызы

Редакция алкасы:

Қасейінов Д.Қ., ТҮРКСОЙ Бас хатшысы
Мехмет Бодур, ТКА-ның Қазақстандағы өкілі
Зейнеш Исмайыл, профессор, Түркия
Дагдұран А., ҚР

Аламанов С.К., Қырғыз география қоғамы
Президенті, ғ.ғ.к., профессор
Ниязов Т.З., ҚырҰУ профессоры
Ташов Х., г.ғ.к. (Бұқара МУ кафедра меңгерушісі)
Шинамашева Р.С., Алматы Білім басқарма басшысы
Темірбеков А.Т., г.ғ.к., ҚазҰУ профессоры
Темірбекова Ж.А., ассоц. профессор СДУ

Көркемдеуші редактор Әбдиева Р.С.
Техникалық редактор Темірбеков Ж.А.

Құрылтайшы: «Географиядан республикалық атаулы мектеп» ЖШС
Журнал Қазақстан Республикасының байланыс және ақпарат
министрлігінде 16.05.2011 жылы тіркеліп, №11679-жс куәлігі берілді.

Редакцияның мекен-жайы:

050040. Алматы қ., әл-Фараби көшесі 65/64
тел. 8(727) 2 97-35-48, тел/факс 297-35-49.
e-mail: ataulymekter@mail.ru

«Түркі тілдес елдер – Тюркоязычные страны» журналының
редакциясына келіп түскен қолжазбалар өңделеді. Редакция
жолданған материалдардың сапасына жауап бермейді,
материал көшіріліп басылған жағдайда «Түркі тілдес елдер –
Тюркоязычные страны» журналына сілтеме жасалады.
Теруге 26.02.2017 жылы жіберілді. Басуға 06.03.2017 жылы
қол қойылды. Көлемі 60х84/8. Сандық басылым.
Таралымы 500 дана.

Журнал «Роза» баспа-полиграфиялық қызмет корсету
орталығында дайындалды. Алматы қ. Абай көшесі, 41.

ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ, ҒҰЛАМА ҒАЛЫМ

Өмірхан Әбдиманұлы,

*әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Филология және әлем тілдері факультетінің деканы,
филология ғылымдарының докторы, профессор,
Алматы қаласы.*

Қолыңа қалам алып 40 жылға таяу жақсы білетін азамат жайлы жазуға ниет еткен соң, жазар жұрт көп боларын білгендіктен, қай тұстан сөз бастасам екен деген ой келері анық. Алла бізді мен жиырмадан енді асқан, ол кісінің орда бұзар отыз жасында қасиетті ҚазМУ-де кездестірген еді. Бұл Шәкәрім дана айтпақшы, «өмірдің басы – бала, ортасы – адам» деген адам өмірінің екінші кезеңіне аяқ басып, өткенді екшеп, бүгінді өлшеп, келешекті көздеп жүрген кездегі кездесу еді. Ақыл толған, алыс арманға қол созған, алдағыны межелеген, жетеріне сенім мол «жиырма мен қырық арасы» ғой бұл Мен толғанысымды қағазға түсірмек болған кісіні қазақ жұрты ғана емес, күллі түркі дүниесі, ислам әлемі, қала берді Еуропа, АҚШ біледі, таниды. Жауапкершілік ауыр-ақ. Ол кісі жайлы мақалалар жинағынан тұратын қалың әрқайсысы 400–500 беттен екі кітап шықты. Онда не бір дуалы ауыз жақсылар мен жайсаңдар көсіле жазып, келелі ойларын кең марал жеткізген. «Қайтпек керек?» деген сұраққа жауап іздей келе, сан қырлы санаткер, көрнекті қайраткер, жайсаң жанды азамат, тұғырлы тұлға жайлы аз жазылмаса да, өзім жақсы білген тұстан бүйірлей кіріп, ол жайлы жалпақ даңғылдың жанынан ілеспе боларлық өз соқпағымды салайын деп отырмын.

Қолға қалам алдырған азаматтық тұлға Әбсаттар Бағысбайұлы Дербісәлиев – ұлық ұстаз, ғұлама ғалым. Шындығында мен ол кісіні осы екі қырынан жақсы білемін. Ендеше, мен білмейтін оның басқа қыр-сырында не бар, біреудің өрісіне жайылып не береке таппақпын? Ол жайлы басқалар жаза жатар. Білгенімнен білтелі шырақ жағып көрейін, нар тәуекел!

1976 жылдың күзінде бала күннен арманымызға айналған білім мен ғылымның қасиетті қарашанырағы Қазақ мемлекеттік университетінің (қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті) табалдырығын аттадық. Мектеп бітірген соң, 4–5 жылдай жүріп қалып, «подкурстың» арқасында арманға қол жеткізген сол жылы бізден асқан бақытты жан жоқ бола-

тын. Тіл мен әдебиетті ардақтаған алтын ұя – «Филология» факультетінің Масанчи мен Киров көшесінің қиылысындағы ғимаратында білім алуды бастап кеттік. Студенттік өмірдің есігін ашқаннан кейін, оның қызығына тойғансың ба?! Ұстаздарымыз қандай керемет. Өз саламыз бойынша бірінші курста дәріс оқитын ұстаздарымыз профессор Зейнолла Қабдолов, доценттер Сейділда Ордалиев, Сұлтанғали Садырбаевтардың сабақтары қызықты да мәнді. «Подкурста» Мырзатай Серғалиев, Алма Қыраубаева сынды оқытушылардың сабақтарынан нәр алып, ҚазМУ-дің ұстаздарына риза болып жүрген біздер, мынадай тәжірибелі ұстаздардың дәрістері мен тәлім-тағлымына тіптен ынтызар болып қалдық. Сөйтіп жүргенде бірінші семестр де аяқталып, тапсырған емтихандарымыздан бестік алып, елдегі ата-анамызды қуанттық. Туған жерде біраз аунап-қунап, Алматыға қайта оралып, оқуымызды жалғастырдық. Мен мұның бәрін неге жазып отырмын дейсіздер ғой?..Себебі, екінші семестр басталған тұста ҚазҰУ-де, факультетте студент жастарды шу еткізген үлкен бір жаңалық болды. Ол сол уақыттағы жас мұғалім, бүгінде ҚР ҰҒА құрметті академигі, Халықаралық араб тілі академиясының (Каир) толық мүшесі, ҚР Білім және ғылым министрлігі Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының директоры, әрі қарай тізе берсеңіз бір кітапқа жүк болар атақ-даңқы бар Әбсаттар Дербісәлиевтің филология факультетіне қызметке келуі еді.

Иә, дәл солай! Дәл қандай күн, қай күні екені есімде жоқ, бұл 1977 жылдың алғашқы тоқсанында болған оқиға. Ол кезде қазіргідей қалта телефоны жоқ болса да, студенттік «сымсыз телефон» керемет жұмыс істейтін.

Бір күні түс кезінде бірінші курс ду ете қалды. Кім жеткізгені дәл қазір есімде жоқ, бізге бір жас білімпаз оқытушы келіпті. Мәскеуде оқыған, араб елдерін көрген, жап-жас ғылым кандидаты. Егерде ағылшын немесе Еуропа елдерінің тілдерінің бірі бойынша маман болса, оншалықты көңіл аударар қоймайтынымыз шындық. Өйткені олар ол кезде аса таңсық емес-ті. Араб елінен сол елдің тілі мен әдебиетінен маманданып келу – сол тұстағы Шығыс пен Мұсылман дүниесі мәселесінде Орта Азия халықтары үшін Қытай қорғанын соғып тастаған идеологияның дүріл-

деп тұрған кезінде шынында да үлкен сенсация! Әрине, біз араб тілінен аса бейхабар емес едік. Маженова, Рамазанова сынды бірді-екілі апайлар араб тілін шет тілі ретінде шағын топ ашып оқытып жүрген. Бірақ ол тілге үйрету курсы еді. Сол курстарға қатысып жүрген курстастардан үйренген біздің әріп танырлық біліміміз бар-тұғын. Жалпы араб тілі бізге таңсық емес, 22 мемлекетті құрайтын жұрттың ілім-білімін меңгеріп, сол елде оқып-үйреніп, ғылыми тұрғыдан игеріп келген азаматтың болмысы бізді таңғалдырып, тәнті еткен.

Жас оқытушының аты-жөні – Әбсаттар Дербісәлиев. Ол кісі ғылым академиясының М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтындағы белгілі әдебиеттанушы ғалым, ҚР Ғылым академиясының корреспондент мүшесі Әнуар Дербісалиннің баласы. Араб елін шарлап келуі, оқымыстылығы да соған байланысты. Бұл кезде айналаға көз тоқтатып, көп нәрсенің парқын біліп қалған ересектер жағы қазақ ақын-жазушылары мен ғалым-ұстаздарының, жалпы қазақ зиялыларының балалары арасында ана тілінен ажырап қалған керсоққандар көптігін білетіндіктен, әке жолын қуып ұлтының ұланына айналған қандай асыл азамат деп қуанғанымыз рас.

Студенттер қызыққа құмармыз ғой, сыртынан көре қалсақ, қандай қарапайым ауылда өскен бала сияқты, ұстаздарымызбен әңгімесін ести қалсақ, қалада өскен бала қазақша қалай жатық сөйлейді деп таңғалатын едік. Сөйтсек, «сымсыз телефон» қате ақпар берген екен. Жас мұғалім жайлы мәліметтің толығын аяулы ұстазымыз профессор Сейділда Ордалиевтен алдық.

Студенттерге жақын жүретін Сейділда ағаның Әбекең жайлы пікірі өте жоғары болатын. Бірде сол кісінің сабағында бізге осындай білімді жігіт сабақ береді, сол кісі туралы не білесіз деген бағытта сұрағанымыз бар. Сонда біздің ол кісіні Әнуар Дербісалиевтің баласы екен дегенімізге: «Ол шіркінде ондай бала қайдан болсын», – деп бір күліп алып (Әнуар ағамыз құрдасы екенін кейіннен білдік), Әбсаттар ағаны жақсы біледі екен, көп нәрсені айтып бергенді. Сөзінің соңын: «Кейін сендер осы Әбсаттардан оқығандарыңды мақтан тұтасындар!» – деп аяқтап еді. «Айтқаны айдай келді». Қазір мақтан тұтатынымыз рас.

Сол жылдары атақты ғалым Бейсенбай Кенжебаев пен факультет деканы Мырзатай Жолдасбековтердің ізденістері арқылы жоғары мектеп оқу

бағдарламасына енгізілген «Ежелгі дәуір әдебиеті» пәні бірінші курстың екінші семестрінде оқытылатын. Сабақ кестесінде пәнді деканымыз Мырзатай Жолдасбеков жүргізеді деп жазылып та қойған болатын. Бірақ кенеттен бұл пәнді Әбсаттар Дербісалиев оқитын болып шешіліпті.

Сабақ болатын күні деканның сабағы болған соң бәріміз түгел келгенбіз. Сабақ басталар сәтте дәрісханаға Әбсаттар Бағысбайұлы кіріп келді. Сыртынан көріп жүргендіктен бірден таныдық. Орта бойлы, жүзі жылы, ақсары жігіт екен. Алғашқы сабағы болғандықтан болар, өзінен сәл қысылғандық байқалады. Төрге озып, өзін таныстырып, «Ежелгі дәуір әдебиетін» Мырзекеңнің орнына енді өзі жүргізетінін айтып, бізбен таныспақ ниетпен түгелдеуге кірісті. Әр студентке байыппен назар аударып, жүздеріне ойлы көз жібере отырып түгелдеді. Алғашқы сәттен-ақ жас ұстаздың сабырлы қалпы, салиқалы дәрісі, қимыл-қозғалысы, жүріс-тұрысы, болмыс-бітімі біліктілік пен білімділікті ұштастырған бірлікті танытқандай көрінді.

Бірте-бірте ол кісі біздерді қазақ әдебиетінің бағзы дәуірінен сыр шертетін қиын да қызықты тарихи кезеңдер тұңғышына тоғытып, ескілікті әдебиет жәдігерлерінің сан-қырлы сипатын заманауи жаңашылдықпен жеткізіп, қабылдауы ауыр сабақты жеңіл ұғынуға тәрбиелей бастады.

Әбсаттар Бағысбайұлы әр дәрісін басалқылы байыппен оқып, әрбір ой иірімі мен түйін-тұжырымдарына терең біліктілікпен жеткізетінді. Қызыл сөзді сапыра бермей, ежелгі жәдігерлердің мәні мен маңызын айқындап, көркемдік айшықтарын шығыстық таным жүйе-жұлгесінде сараптайтын. Біз осы пәннен түркінің тасқа таңбаланған «Күлтегіннен» бастап, «Оғыз наме», «Қорқыт», берідегі Махмұд Қашқари «Сөздігін», «Кодекс-куманикус», Алтын Орда дәуірі жәдігерлері, әл-Фараби, Қожа Ахмет Йасауи, Жүсіп Баласағұн, Бабыр, Хайдар Дулати мұраларын тереңдей танып, ғасырлар «ақтандағына» айналған төл жәдігерлердің рухани болмысын танып-біліп, тандана жүріп, табына білгеніміз рас. Тарих тоңын жібітіп, руханияттық асыл мұралардың «тасқа басқан маржандай» ой жауһарының саф тазалығына қызықтыра да, табындыра да білген Әбекең еді.

Әсіресе, жас ұстаз әл-Фараби, Қорқыт, Қожа Ахмет Йасауи, Жүсіп Баласағұн, Бабыр, Хайдар Дулати туындыларының мән-мағынасын

тереңдей ашып, түгел түркіге ортақ мұралардың ұлттық әдеби шығармашылықтың арғы бастау үлгілері екендігіне түрлі дәлел-дейектер келтіре отырып, көз жеткізетін. Осынау тұлғалар шығармашылығындағы «ақтандақтарды» аршып, өз ойын ашық айтатын. Оның дәрістері тыңнан табылған ойдың, жаңа бастау танымның жосығы болып келетін. Сол біздерге оқыған дәрістері кейін ұстазды іргелі ізденістерге жетелеп, «жабулы қазан жабулы күйінде жатқан» көп дүниенің сырын ашқан жоқ па?! Араб тілін еркін, шығыс рухани мәдениетін терең игерген ғұлама – сол тұста-ақ жоғарыда аталған тұлғалар еңбектерін түбіне жете зерттеуді жоспарлап жүргенін кейіннен білдік. Ежелгі дәуірдің қаншама ғұламаларын ашып, ғылыми айналымға қосты кейіннен. Иә, жас ұстаз бізді көне дүниенің бүлінбеген болмысымен солай таныстырып, солай ынтықтырған болатын.

Тәуелсіздік алған жылдар кезеңінен қарағанда, ол кезде шын мәнінде әдебиетші М. Жолдасбеков пен тілші Ф. Айдаровтан басқа ежелгі ескерткіштер жайлы жазылған еңбек жоқтың қасы болатын. Сондықтан біз Әбсаттар Бағысбайұлының әрбір дәрісін қалт жібермеуге, әр дәрісте айтылғанды түгелдей қағазға түсіруге тырысатынбыз.

Семинар сабақтар көбіне ой-талқының тартысына айналатын еді. Мазмұны ауыр пәннің болмысына тереңдеп бара бермесек те, талас-тартыста ой бөлісуге біз де араласып қалатынбыз. Ондайда ұстаз ризашылығын білдіріп қоятын. Ұстаз берген тақырып тізімінен тандап алып жасаған баяндамамыз да ұстаз көңілінен шықты. Осылардың әсері болар, жас ұстазбен сабақтан тыс уақыттарда да әңгімелесіп қалар жайға да жеттік. Сол тұстағы жас ұстаздар арасында Әбсаттар Дербісәлі мен Алма Қыраубаеваның орны бөлек еді. Орыс топтары Эленора Сүлейменова есімін жиі атап жүретін.

Мақтағандық емес, Әбсаттар Бағысбайұлы туралы сол кездегі аға ұстаздар З. Қабдолов, С. Ордалиевтер де жоғары пікірде болатын.

Әбсаттар ағаның ҚазМУ-ге келуіне орай, жұрт құлағын елең еткізген тағы бір әңгіме шықты. Ол филология факультеті жанынан араб бөлімі ашылады екен деген сөз еді. Алдында да тиіп-қашып естіп жүргенбіз, бірақ Дербісәлиев келген соң, бұл әңгіме үдей түсті. Әрине, қазір кейбіреулер жазып жүргендей араб бөлімінің ашылуы жалғыз Әбсаттар Дербісәлиевке қатысты емес.

Бұл – Мырзатай Жолдасбеков декан кезінде жоғары деңгейде сөз болып, Әбекен келгеннен кейін кешенді түрде қозғалып, Рақыш Сәтұлы Әміровтың факультет деканы кезінде көптің қолдау, қалауымен жүзеге асырылған иманды істің бірі. Бірақ осы араб бөлімінің ашылуының бар ауыртпалығы Әбсаттар Бағысбайұлына жүктелгенін ешкім жоққа шығара алмайды. Мұны мен өзім куә болған бір жайттан білемін.

Кеңестік кезеңде жылына екі рет тайлы-таяғымыз қалмай алаңға шығып, шеруге қатысушы едік қой. Оның бірі – қарашаның жетісіндегі қазан мерекесі, екіншісі – 1 май мерекесі. Әбсаттар аға дәріс оқып, сабақ жүргізіп жүрген сессия аяқталуға таяп қалған тұста 1 мамыр мерекесіндегі шеруге қатыстық. Рақыш Сәтұлы бастаған ұстаздар бар, студенттер бар шеру сапындамыз. Анда-санда шеру тоқтап, 15–20 минуттан соң, қайта жүреміз, сондай сәттегі еркіндікті пайдаланып қалып, шәкірттерге ұстаздарымен сұхбаттасып қалуға мүмкіндік туатын. Сондай сәттердің бірінде мен деканымыз Рақыш Сәтұлынан: «Ағай, факультетте келер оқу жылында араб бөлімі ашылады дейді, рас па?» – деп сұрап қалдым. Деканымыз оны растап, онымен Әбсаттар Бағысбайұлы айналысып жатқандығын айтып, әрі қарай араб бөлімі ашылуының қыр-сырын сол кісінің әңгімелеуін сұрады. Әбекен бізге өзінің сабырлы қалпында жағдайды баяндап берді. Ашыла қалған жағдайда, «екінші курстан ауысуға бола ма?», деген сұрағымызға, бірінші курсқа қайта құжат тапсыру керектігін айтты. Көңіл түпкірінде «Әттеген-ай» деген өкініштің кеткені рас. Әуірімдеп жүріп, зорға түскен оқудың бір жылын жоғалту оңай ма?!

Әбсаттар Бағысбайұлы ұстаздық болмысындағы бір құдірет – адамды өзіне баурап алатын кішіпейілділік қасиеті еді. Ұстаздық пен шәкірттік арақашықтықты белгілі деңгейде ұстағанмен, әр шәкіртіңе іш тартып тұратын-ды. Мүмкін бәріне емес те шығар. Әйтеуір өзімізге жақсы көзқараста болды.

Соның бір көрінісі ретінде мына бір жайтты еске ала кеткен орынды сияқты. Бірінші курсты жақсы аяқтап, Әбсаттар аға пәнінен де бестік баға алдық. Жазымызды студенттік құрылыс отрядында өткізіп, тиын-тебен тауып, ауылда демалып келіп, екінші курсқа кірістік.

Сол жылдың (1978) көктемінде алғаш рет студенттердің Республикалық «Ғылыми-техникалық прогресс» атты Олимпиадасы өтетін бол-

ды. Әбсаттар Дербісалиев ғылыми жетекшілігімен факультетте қазақ тілі мен әдебиеті пәнін студенттер командасы құрылып, дайындықты бастап кеттік.

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтында өткен Алматы қаласындағы және облыстық институттардан келген олимпиада сайысында ҚазМУ командасы бірінші орынды иеленіп, жеке біріншілікте бірінші орынды мен жеңіп алдым. Құрамында бүгінгі Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі, бұрынғы Білім және ғылым министрі, Ресей, Түркиядағы Қазақстан елшісі Жансейіт Түймебаев бар біздің команда шынында да күшті болған-ды.

Әрине, біздің бұл жеңісімізде ұстаздың еңбегі зор. Дайындық барысында ол кісі бізге берілер тапсырмалар мен берілер сұрақтардың жалпы жүйе-жиынын мөлшерлеп беріп, қалай жауап берудің әдіс-тәсілдерін жете түсіндіріп, әрбір дайындықта бізге үйретуден әсте жалықпай, күнде десек те болады, әртүрлі сипаттағы жаттығулар өткізіп отырды. «Жылап жүріп, арық қазсаң, ойнап жүріп, су суғарасың, ойнап жүріп арық қазсаң, жылап жүріп, су суғарасың» деген халық нақылының шындығы келіп, біз жеңіске жеттік.

Сол жолғы Әбекең еңбегінің бағасын мынадан да тануға болады. Келесі жылғы олимпиадада бізді басқа ұстаз дайындады. Нәтиже жоғарыдағыдай болмады. Мен жеке біріншілікте жеңімпаз болғаныммен, команда екінші орын алып қалды. Бұл жолғы дайындықта Әбсаттар Бағысбайұлы жетекшілік етуге 1978 жылы ашылған араб бөлімінің таусылмайтын сантүрлі шаруасы мұрсат бермеді. Бұл хабарды естіген ұстаздың қатты реніш білдіргені әлі есімде. Өткен іске өкінбеу керектігін айтып, сабырға шақырды. Екі жыл қатарынан жеке біріншілік жеңімпазы болғандықтан, маған Мәскеудегі студенттер олимпиадасына жолдама берілгенін естіп, қатты қуанып, жақсы тілектер айтты.

Иә, Әбсаттар Бағысбайұлы шын мәнінде ұстаздықты ұлық тұтқан ұлағатты ұстаз болатын. Ол кісі Бауыржан Момышұлы айтқан: «Ұстаз ұлықтық емес, ұлылық», ұлы ұстазымыз академик Зейнолла Қабдолов айтатын «Ұстаздық – өз уақытын аямау, өзгенің бақытын аялау» қағидаттарды бір бойына тоғыстыра білген ұстаз-тұлға және ұлы Абай тәлімін темірқазық етіп, талапты шәкіртке «үйретуден жалықпастықты» берік ұстанған, талантты ұл мен қыздың жүрегіне үміт

отын тұтатып, шәкірт болашағына нұрлы жол ашар туа бітті қасиетке ие жанның бірі ғана емес, бірегейі. Оның дәрісі көбіне ойға құрылып, танымға жол ашар еді. Әбағаң – әр сөзіне мән берер шәкіртті ой-танымның тереңіне тартып, жаңалыққа жаны құмар талаптыны тың деректер мен дәйектер тоғысына қызықтыра білетін ғұлама.

Оның ұстаздық болмысында көзге ұрар артық нәрсе болмайтын. Бәрі орнын тауып, орайласып тұратын. Дәрісханаға кіріп-шыққаннан бастап жүріс-тұрысы, қозғалысы, дәрісханамен қарым-қатынасында артық-кем шығар тұс болмайтын. Ризашылдығын өзіне тән жылы жымыспен білдіріп, ренішін қабағынан танытып, артық ауыз сөзге бой алдырмайтын. Әрбір ісін сыпайылық пен жоғары мәдениеттілік белгі беріп тұрар еді.

Әбсаттар Бағысбайұлы сол қалпынан бүгінде еш айнамаған. Соңғы бір үш жылдың көлемінде қыркүйектен шілдеге дейінгі аралықта кем дегенде бір рет ғылыми жиында бас қосып, пікір алысатын жайымыз бар. Университеттегі филология саласы бойынша 6 мамандық біріктірілген докторлық диссертациялық кеңестің мен төрағасы, ол кісі шетел филологиясы бойынша мүшесі ретінде кездесіп қалып жүрміз. Бүгінде қазақ жұрты ғана емес, әлем таныған қайраткер тұлға болса да, сол баяғы бойға біткен қарапайымдылық, сыпайылық, ізеттілік қасиеттерден бір айнамаған. Білімділігін кеуде қақпай білдіріп, ғұламалылығын тартыссыз дәлелдеп, азаматтығын айтыспай мойындатып, сабырлы қалпында шулы көптің мысын басып отырады. Төраға, оның орынбасарлары баяғы «сары ауыз» шәкірттерім ғой деп шікіреймей, пікір алмасуда менікі деген дауыс көтерер, өре түргелер кеудем-соқтыққа бармай, әрбір істі өзінің дәрежесінде атқарып, кей-кейде бітпес тартысқа айналып бара жатқан пікірталасқа бұра тартпайтын шындықты пікірімен бәтуа айтып, әлгінде ғана қызыл кеңірдек болып жатқан жұртты әп-сәтте жайма-шуақ күйге түсірер қасиеті – болмысы бөлектігінің бір көрінісі. Сондай сәттерде Абай дананың «өзінде бармен көзге ұрып, артылам деме өзгеден» деген қанатты сөзін көкейіне қондырған жан екендігіне дән риза боласың.

Әбағаңның ұстаздығын біз аз ғана уақыт көріп қалдық, соның өзінде ұстаздық ұлағатына тұшынып, тағылымынан тәлім алғанымызды бүгінде мақтан тұтамыз. Кейіннен ол кісі өзінің ілім-білімін тікелей араб бөліміне, одан кейін Шығыстану факультетіне арнады. Ол тұстағы ұстаздық

қызметі туралы бүгінде үлкен азаматқа айналған Е. Дуанаев, Ш. Керім, Қ. Лама Шариф, Б. Омаров т.б. арабист-шәкірттері ризашыл сезімге толы естелік мақалалар жазды.

Әбаған кейіннен университет басшылығы қызметінде жүрсе де, ұстаздықтан қол үзген жоқ. Әбсаттар Бағысбайұлы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Проректор болған тұс тәуелсіздік кезең еді. Бұрынғы С.М. Киров атындағы университетке әл-Фараби атының берілуінде, Мемлекеттік университеттен ұлттық университетке айналуында ұстаз-ғұламаның елеулі еңбегі бар. Сонымен қатар ол кісі ұлттық университетіміздің әлемдік кеңістікке шығуына да бір кісідей еңбек сіңірді.

Егемендік алып, еңсемізді көтерген тұста университеттік оқу жүйесіне де өзгерістер енгізе бастадық. Сол кездегі ректорымыз академик К. Нәрібаевтың бастамасымен, әсіресе, гуманитарлық мамандықтар саласында ұлттық танымға, ұлттық ерекшелікке негізделген жүйелі де сапалы бетбұрыстар жасалды. Соның бірі – біздің факультетте әлем әдебиетін қазақ тілінде оқыту туралы мәселенің көтерілуі. Кеңестік кезеңде бұл пән бізде ғана орыс тілінде оқылатын. Басқа одақтас республикаларында өз ана тілінде болатын, соны алға тартып, орыс ғалымдары мен орыс тілділерді жеңіп, ана тілінде оқыту мәселесін шешу проректор Әбсаттар Бағысбайұлының білімі мен білігінің, азаматтығы мен бедел абыройының арқасында жүзеге асты. Осы пән бойынша сабақ жүргізу профессор Тұрсынбек Кәкішұлы басқарып отырған «Қазақ әдебиетінің тарихы мен сыны» кафедрасына жүктелді. Мен ол кезде Түрсекеңнің орынбасары едім, сондықтан да осы мәселенің шешім табуына тікелей араласып, басы-қасында болдым. Әлем әдебиетін біз Шығыс және Батыс деп екі бөліп оқытудың бағдарламасын жасаған соң, Шығыс әдебиетін оқытуды арнайы шақырылған профессор ретінде Әбағанның өзіне жүктеуге шешім қабылдадық. Ұлтжанды азамат жұмысының көптігіне қарамастан, бірден келісімін берді. Жанына көмекшілікке Шоқан Шортанбаев деген жігітті қостық. Тәуелсіздікті алып, университетте үлкен өзгерістер болып жатқан кез, қым-қуыт шаруа үстінде жүрсе де, белгілі бір іссапарға кетіп қалмаса, Әбаған сабағына еш қиянат жасаған емес. Уақытында келіп, уақытында кететін. Ара-арасында бізге де уақыт тауып, жай-жапсар сұрап қоятын. Кейбір көкейдегі көп сұрақты сондай сәттерді айтып қа-

лып, шешімін таптырып қоятынбыз.

Шоқан да ол кісінің пәнге деген жауапкершілігін, жаңа пән болса да, үлкен дайындықпен келіп оқытытынын, студенттер риза екендігін үнемі айтып отыратын.

Әбсаттар Дербісалиев университеттің халықаралық байланыс жөніндегі проректоры болып тұрған уақытта шетелдік университеттермен байланыс жақсы жолға қойылды. Әсіресе, түрік, араб елдері университеттерімен байланыстар жандана түсті. Сол тұста Түркиядағы «Анкара» университетінің әдебиет факультеті жанынан қазақ тілі мен әдебиеті бөлімі ашылып, біздің университеттен оқытушылыққа көмек сұрағанда, Әбсаттар Дербісалиев таңдауы Дандай Ысқақұлы мен маған түсті. Онда жоғары мектеп оқытушылары шетелге іссапарға шыға қоймаған кез. Біз оны қуана қабылдадық. Бірақ біз бұл сапарға бара алмай қалдық. Оған Әбекеннің де, біздің де кінәміз жоқ. Билетіміз алынып, ұшар уақытымыз белгілі болып қойған тұста, Алматыда бір аурудың хабары тарап, сапар кейінге қалдырылды. Арты әйтеуір сиырқұйымшақтанып жоқ болып кетті. Бірақ ұстаздың бізге деген тілеуі көңіл қуантқаны рас. Анкараға кейіннен бірнеше рет бардық, бірақ Әбекен жіберген сапар жүзеге асқанда, өмір мүмкін басқаша қалыптасар ма еді? Бірақ оған өкініш жоқ. Тек ұстазға деген ыстық ықылас қалды кеудемде сол күндерден. Сол үшін ғой еске алып жатқанымыз да.

Енді Әбсаттар Дербісәлиевтің ғұлама ғалымдығы жайлы бір үзік сыр. Бүгінде Әбсаттар Бағысбайұлының ғалымдық данқы әлемге әйгілі екендігі бәрімізге белгілі. Оның көрнекті шығыстанушы ретіндегі еңбектері дүниенің төрт тарабына түгел тарады десек, артық айтқандық емес. Сонау «Шыңырау бұлақтар» атты жас уақыттың мөлдір мақсаткерлік талабынан тамыр тартқан еңбек айдынды арналарға айналғаны қашан.

«Араб әдебиеті: классикалық дәуір» (1982), «Шыңырау бұлақтар» (1982), «Араб тілді Марокко әдебиеті» (1983 ж. орыс тілінде), «Қазақ даласының жұлдыздары» (1995), «Мырза Хайдар Дулати» (1999), «Ислам және заман» (2003), «Ислам жауһарлары мен жәдігерлері» (2009) т.б. еңбектері мұның айқын дәлелі.

Ең алдымен, ғалым ретіндегі Әбсаттар Дербісәлиев еңбектері несімен құнды десек, оның жауабы ғалым ізденісінің бұрын-соңды

қазақ әдебиеттану ғылымында болмаған құбылыс екендігінде жатыр. Қазақ ғалымдарының Шығыс, ислам дүниесіне қатысты зерттеулерінде «Мың бір түн», «Тотының тоқсан тарауы», «Құран» сюжеттерінің қазақ қисса-дастандарында көрініс табуы сөз болып жататын. Әбсаттар Бағысбайұлы зерттеуінде алғаш рет классикалық араб әдебиеті ғылыми талдауға түсті. Бұл жалпы қазақ әдебиеттану ғылымындағы шетел әдебиеті жайлы алғашқы зерттеу болатын.

Оның алғашқы жұртты елең еткізген ғылыми еңбегі – «Шыңырау бұлақтар». Бұл кітап – жас ғалымның жоғарыда біз атап өткен «Ежелгі дәуір әдебиетінен» дәріс оқыған кездегі ізденістерінің жемісі. Жалпы жанрлық тұрғысынан алғанда ғылыми зерттеуден гөрі әдеби ой-толғамдар мен әдебиет жайлы толғаныстардан тұратын еңбек екі желіде өріледі. Бірі – Шығыс әдебиеті жайлы ой-толғамдар, екінші – жалпы Шығыс әдебиеті дамуына өлшеусіз үлес қосқан қазақ жерінен шыққан түркі данышпандары жайлы дереккөздерінің алғаш ғылыми айналымға түсуі. Яғни бұл ғылыми ізденістің жаңашылдығы түркі дүниесіндегі ежелгі әдеби мұралар мен Ислам мәдениетінің бірлігі және ерекшелігіне түпнұсқалық дерек, дәйек арқылы сараптама жасауда болатын.

«Араб әдебиеті» (1982) оқу құралы, «Араб тілді Марокко әдебиеті» (1983) монографиясы (орыс тілінде) – біздің әдебиеттану ғылымымызда болмаған тың құбылыс – тұңғыш оқу құралы, тұңғыш монография. Алғашқысында Араб әдебиетін оқытудың мәселелері мен әдістемесі сөз болса, соңғысына араб әдеби мұрасы, классикалық үлгілері жайлы, ғылыми таным арқау болған. Ғалым зерттеулерінің жаңашыл сипаты, өзіндік көзқарастары, ғылыми ой-толғамдары шығыстанушылар мен жалпы әдеби ортада жоғары бағаланды.

Әріне, Әбсаттар Бағысбайұлының ғылыми еңбектерін түгел түгендеп, түптеп тартып ой айту үшін кем дегенде бір кітап жазу керек. Ол алдағы күндер еншісіндегі дүние болуы мүмкін. Біздің бүгінгі ойға алғанымыз – шығыстанушы ғалымның сан-салалы ізденістерінің көрнектілері мен басым бағыттарын атап өту.

Әбсаттар Дербісәлиевтің тынымсыз ізденістерінің бір саласы – ұзақ уақыттар бойы түркі дүниесінің өзгеге белгілі болғанымен, өзімізге белгісіз болып келген данышпандарын әлемге танытуға сіңірген өлшеусіз еңбегі дер едік. Оның айқын айғағы – атақты «Қазақ даласының

жұлдыздары» еңбегі. Онда бір кездегі қазақ даласындағы ғылым мен білімнің, өркениеттің өрісі кендігін танытатын дала төсіндегі Отырар, Түркістан, Тараз т.б. қалаларды өзінің бүркеншік есіміне айналдырған ғалымдардың атын атап, түсін түстеп, олардың ұрпаққа аманат еткен жазба жәдігерлерінің сырын ашады.

Әсіресе, ғалымның түркінің ұлы даналары Әбу Насыр әл-Фараби мен Мұхаммед Хайдар Дулатиді әлем жұртшылығына танытуға сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Екінші ұстаз атанған әл-Фарабидің сан-салалы ғылыми мұрасының ішінен «Өлең өнерінің қағидалары» трактатын тауып, аударып, жариялауы – қазақ әдебиеттанушылары мәңгі бағалайтын игі істің бірі. Әл-Фараби мұраларына арналған «әл-Фарабидің эстетикасы» еңбегі – ғұлама мұрасын тану мен насихаттаудағы ұлы ғұлама еңбектерінің түпнұсқасымен танысуға мүмкіндігі мол ғалымның әдебиеттануда алған алғашқы биіктерінің бірі.

Ал енді, Әбсаттар Дербісәлиевтің ортағасырлық ғұлама, мемлекет қайраткері, қолбасшы, тарихшы, ақын Мұхаммед Хайдар Дулатиді қазақ жұртымен қайта табыстырудағы еткен еңбегі – өз алдына бір бөлек сөз етерлік дүние. Хайдар Дулати туралы алғашқы танымдық мақаланы сонау 60-жылдардың аяғы мен 70-жылдардың басында «Білім және еңбек» журналында ғұлама Әлкей Марғұлан жариялаған-ды. Міне, осы бір уақыт еншісінде тарихи шындығынан гөрі қиялдан қосылар аңыздық үлесі мол болып тұрған тұлға өмірі мен шығармашылығының шындығын ашуды 70-жылдардың орта шенінен былай қарай Әбсаттар Дербісәлиев өзінің ғылыми ізденісінің ажырамас бір бөлшегіне айналдырған-ды. Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашиди» атты тарихи-көркем еңбегінің парсы тілінен ана тілімізге аударылуына, жарық көруіне тікелей басшылық жасаса, зерттеуіне ғылыми-танымдық зор үлес қосты. М.Х. Дулатидің 500 жылдығының ЮНЕСКО көлемінде аталып өтілуіне, ұлы тұлғаның зиратын табуға зор қайраткерлік, үлкен ұйымдастырушылық қабілетімен теңдессіз еңбек сіңірді. Бұл шаралар – қазақ руханиятының өркендеуіне тигізген игі әсерімен бірге, егеменді еліміздің тәуелсіздігінің беріктенуі жолында жасалған игі қадам деп бағалануға боларлық зор оқиғалар.

Осынау ұлы тұлғаның жан-жақты танылуына жасаған Әбаған сіңірген еңбектің бастысы Дулатидің санқырлы талант пен дарын иесі

екендігінің бір көрінісі, ғылыми ортаға аты белгілі болғанмен, заты белгісіз «Жаһан наме» атты шығармасын түптен тарта зерттеп ғылыми айналымға қосқаны болып табылады. Поэманың мәтіндік қолжазбаларын Берлин және Қашғар қорларынан тауып, шағатай тілінен қазіргі қаріпке түсіріп, алғаш 2006 жылы жария етті. Бұл – негізінен, ғылыми басылымға қатысты барлық талаптар мен шарттарды сақтаған толыққанды ғылыми басылым. Берлин және Қашғар нұсқаларының транскрипциясының жасалуы, ғылыми-монографиялық сипаттағы алғы сөзінің жазылуы, сөздігі құрастырылуы, түсініктерінің берілуі шын ғалымның қолынан шыққан басылым екенін танытып тұр. Ғалым кіріспе сөзде поэманың поэтикалық қуатын айқындап, оның шығыс және түркі поэзиясының үлгісінде жазылған түркілік поэма екендігін нақты мысалдар арқылы дәлелдеп, эпикалық туындының тілі, құрылымдық жүйесі, ұйқас ерекшеліктері жайлы аса құнды ғылыми тұжырым-түйіндер жасайды. Осы тарихи мәні өте зор шығармашылық жәдігерді қазақ тіліне аударуға Әбаған он үш жылдық ғылыми ізденісін арнапты. Қандай қажырлықты қажет етер еңбек десеңізші!

Әбсаттар Бағысбайұлы өзінің ғылыми ізденісінің қай саласы болмасын оны үнемі дамытып, оған қайта оралып, бір кезде қол қысқалық, мүмкіндік жоқтықтан кейбір толықтырылмай кеткен тұстарға үнемі қайыра соғып, жетілдіріп отырады. Мәселен, 2009 жылы шыққан «Исламның жауһарлары мен жәдігерлері» атты еңбегінде осыдан сол уақыттан 14 жыл бұрынғы «Қазақ даласының жұлдыздарына» қайта оралып, ондағы Отырардан шыққан даналар санын 30-дан асырып, басқа қалалардан шыққан ғұламалар санын 50-ге жеткізеді. Жалпы ислам өркениетінің

дамуына өлшеусіз еңбек сіңірген түркілік 250-ден астам даналардың атын атап, түсін түстейді. Олардың өздері мен еңбектері туралы зерттеулерді тұңғыш рет қағаз бетіне түсіріп, «тасқа басып» отырған қазақ ғылымының «өрге шапса – төске озған, ылдиға шапса – кешке озған» жүйрік жеткізбес саңлақ дүлдүлі – Әбсаттар Бағысбайұлы Дербісәлиев ғұлама.

Әбсаттар Бағысбайұлының ғалымдығы туралы толғанысымыздың соңында айтарымыз: Ұлы Дала ғұламаларының өлмес мұраларын алыс-алыс елдердің ашық та болса, жабық қазына қорынан ерінбес еңбектің нәтижесінде іздеп тауып, қазақ ғылымының алтын қорына қосқан, әлем әдебиетінің небір асыл жауһарларын дүниеге келтірген араб әдебиетінің көркі көмескі тартқан тұста уақыт шаң-тозаңнан тазартып, айнадай жарқыратып ашып берген Әбаған өзі де бүгінде ұлылық асқарына көтерілер биігінде тұр. Бұл – өтірік көлгірсу емес, шынайы көңілден шыққан шындық сөз!

Иә, біздің Әбсаттар Бағысбайұлының ұстаздық пен ғалымдықтың биігіне көтерілер тұстан бергі өмір жолының алғашқы баспалдағынан өзіміз жақсы білер екі бағыты жайлы түйген ойларымыз осындай. Әрине, ол кісі бұл күнде ағарту саласына еңбек сіңірген санаткер, аса көрнекті қоғам қайраткері, бірақ біздің білетініміз осынау адам, азамат, тұлға ретінде жеткен атақ-даңқтары мен қызметтеріне Әбағанды, ең алдымен, ұстаздыққа ұмтылыс, ғылымға деген құлшыныс сынды қос құштарлық жеткізгеніне еш күмән жоқ.

Ұлық ұстаз, ғұлама ғалым Әбсаттар аға! Алдағы алар асуларыңыз, шығар биіктеріңіз лайым көп болғай. Ел-жұртыңыз мақтан тұтар, мақтанар да азаматтық тұлғаңыз асқақтай берсін!

